

# SONATA





Күміс түстес Aero Silver, күңгірт

# SONATA

Дәстүр сабақтастығының, инновациялық дизайнның және озық технологиялардың үйлесімі.  
Автокөліктің жаңа интерпретациясы.



# Экстерьер

Seamless Horizon Lamp жарықдиодты жолағы SONATA-ның батыл келбетіне футуристік көрініс береді.



Күміс түстес Aero Silver, күңгірт



Аралас жарықдиодты артқы шамдар  
18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері



Seamless Horizon жарықдиодты жолағы, проекциялық типтегі жарықдиодты фаралар

# Интерьер

Алдыңғы панельдің жоғары технологиялық кең форматты қиғаш дисплейі және ықшам дизайны жолаушылардың барынша жайлылығын қамтамасыз ету үшін жасалған.



## Жаңа буынды Hyundai ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Аспаптар мен ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранын біріктіретін кең форматты қиғаш алдыңғы панель дисплейі және проекциялық дисплей бірыңғай графикалық стильде жасалған.

Мультимедиялық жүйенің интерфейсінің орналасуы мен дизайны әртүрлі болуы мүмкін.



### Берілісті ауыстырып қосудың бұралатын тұтқасы

Руль бағанында орналасқан бұралатын берілісті ауыстырып қосу тұтқасының және беріліс қорабының режимдерді электронды басқару жүйесінің (Shift by Wire) арқасында жаңартылған SONATA-дағы трансмиссиямен өзара әрекеттесу қарапайымдылығымен және ыңғайлылығымен ерекшеленеді.



### Екі аймақтық климатты бақылау (әйнектің булануын жою функциясымен)

Климатты басқарудың кең сенсорлық панелінде орындықтарды жылытуды және желдетуді және руль деңгелегін жылытуды басқару элементтері орналасқан.

# Технологиялар

Соңғы технологиялардың арқасында көлікпен өзара әрекеттесу оңайырақ болды.



## Айнала шолу жүйесі

Бұл жүйе нақты уақыт режимінде көліктің айналасындағы аймақтың суретін дисплейге шығарады, бұл тұраққа қою процесін жеңілдетеді.



## Bose премиумдық аудио жүйесі

12 жоғары технологиялық динамиктері мен сыртқы күшейткіші бар BOSE премиумды аудио жүйесінің керемет дыбысталу сапасынан ләззат алыңыз.



#### **Соқыр аймақтарды басқару жүйесі**

Аспаптар комбинациясында бұрылу көрсеткіші қосылған кезде тиісті жағынан артқы көріністің бүйірлік камерасынан бейнетрансляция іске қосылады.




#### **Электр жетегі бар артқы әйнектің күннен қорғайтын пердешесі**

Пердешені басқару бір батырманы басу арқылы жүзеге асырылады. Артқа қарай жүру режиміне ауысқан кезде, жүргізушіге жақсы шолу мүмкіндігін беру үшін пердеше автоматты түрде төмен түседі.

# Hyundai SmartSense

Hyundai SmartSense белсенді қауіпсіздік жүйелерінің кешені жүргізуші мен жолаушыларды сенімді қорғауға кепілдік береді.



## Алдыдан соқтығысудың алдын алу жүйесі 1.5

Бұл жүйе автокөліктің айналасындағы жағдайды бақылайды және қажет болған жағдайда соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Егер осыдан кейін соқтығысу қаупі артса (мысалы, алда келе жатқан көлік кенеттен тежейді немесе алдыңызда басқа көлік, жаяу жүргінші немесе велосипед пайда болады), жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады. Сондай-ақ автоматты тежеу қиылыста солға бұрылу кезінде (бұрылыс сигналы қосулы кезде) немесе өз жолағымен қозғалу кезінде қарсы келе жатқан көлікпен соқтығысу қаупі туындаған кезде іске қосылады.

\* ADAS (Advanced Driver Assistance System) жүргізушіге көмек көрсету жүйелерінің кешені — көлікті қауіпсіз басқаруға көмектесетін технологиялар жиынтығы.

\* Жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты кейбір функциялар дұрыс жұмыс істемей мүмкін.

\* Жоғарыда келтірілген сипаттамалар жиынтықталымға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қолжетімді.

## Соқыр аймақтардағы соқтығысуды болдырмау жүйесі

Сонымен қатар жүйе қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көліктің бүйір жағындағы немесе артындағы көлікпен соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Егер параллель тұрақтан шыққан кезде жүйе көліктің бүйір жағындағы немесе артындағы көлікпен соқтығысу қаупін анықтаса, автоматты түрде төтенше тежеу қолданылады.

## Қауіпсіз шығу жүйесі

Егер көлік тоқтағаннан кейін жолаушылар көліктен шығу үшін есіктерін ашқанда жүйе артқы жағынан басқа көліктің жақындағанын анықтаса, ескерту сигналы беріледі.



#### **Интеллектуалды круиз-бақылау**

Жүйе жүргізушіге жол жағдайларын ескере отырып, магистральда немесе қалыпты жолда қозғалу кезінде қауіпсіз жылдамдықты сақтауға көмектеседі.

#### **Қозғалыс жолағында ұстау жүйесі**

Бұл жүйе көлікті жолақтың ортасында ұстайды.

#### **Тұраққа қою кезінде қашықтықтан көмек көрсететін интеллектуалды көмекші (RSPA)**

Sonata-ның тұраққа қою кезінде қашықтықтан интеллектуалды көмек көрсететін жүйесі көлікте болмай-ақ тар тұрақ орындарына кіруге немесе шығуға мүмкіндік береді. Көліктің ішінде отырмай-ақ салпыншақтың көмегімен алға немесе артқа жүру үшін көлікті қашықтан басқаруға болады.

#### **Артқы жағынан көлденең бағытта қозғалып келе жатқан көлік құралдарымен соқтығысуды болдырмау жүйесі**

Егер жүйе көлікпен артқа қарай қозғалу кезінде оң немесе сол жақтан соқтығысу қаупін анықтаса, ол ескерту жасайды. Егер осыдан кейін соқтығысу қаупі артса, төтенше тежеу қолданылады.

# Ерекшеліктері



16-дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілер



17-дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілер



18-дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілер



Seamless Horizon жарықдиодты жолағы  
Толығымен жарықдиодты фаралар (MFR)



Қанаттардағы бұрылыс көрсеткіштерін  
жарықдиодты қайталағыштар



Аралас жарықдиодты артқы  
шамдар



Қысылып қалудан қорғайтын электрлі  
әйнек көтергіштер (барлық есіктерде)



Автокөлікті шудан оқшаулайтын екі  
қабатты әйнек (алдыңғы әйнек,  
алдыңғы есіктер)



Жылытылатын былғары руль дөңгелегі



Аспаптар комбинациясының 4,2  
дюймдік СК-дисплей



Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің  
12,3 дюймдік дисплейі



Қолмен басқарылатын климаттық  
қондырғы



Зарядтауға арналған USB Type-C  
қосқыштары (екеуі алдыңғы және  
екеуі артқы)

\*Брошюрада келтірілген сипаттамалар жиынтықталымға және орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Толық ақпарат өзекті прайс-парақта қолжетімді.



Электр жетегі бар жүк бөлімшесінің есігі



Кең форматты қиғаш дисплей /  
12,3 дюймдік түрлі түсті СК-дисплей



Seamless Horizon жарықдиодты жолағы  
Толығымен жарықдиодты фаралар  
(проекциялық типті)



Сенсорлы басқарылатын сыртқы  
есік тұтқалары



Артқы есіктердегі қолмен  
басқарылатын бүйірлік пердешелер



Екі аймақтық климатты бақылау  
(әйнектің булануын жою  
функциясымен)



Төрт бағытта электрлі реттелетін  
алдыңғы қатардағы орындық,  
релаксацияға арналған қалыппен және  
жайлы отыру функциясымен



Алдыңғы әйнекке проекция




Екінші қатардағы орындықтарды  
жылыту

\*Брошюрада келтірілген сипаттамалар жиынтықталымға және орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Толық ақпарат өзекті прайс-парақта қолжетімді.

# Цвета

## Кузов




\* Басып шығару процесінің ерекшеліктеріне байланысты қағаздағы түстер автомобиль шанағындағыдай көрінбеуі мүмкін.

## Интерьер




**Сарғыш** Орындықтардың Нарра былғарысымен қапталуы




**Сұр** Орындықтардың Нарра былғарысымен қапталуы



**Көк** Орындықтардың Нарра былғарысымен қапталуы



**Қара бір реңкті** Орындықтардың былғарымен қапталуы



**Көк** Орындықтардың былғарымен қапталуы

# Динамика

Жақсартылған бағыттық тұрақтылық пен қауіпсіздік технологияларының арқасында тыныш сапарлардан ләззат алыңыз.

Theta III 2.5 GDI бензин қозғалтқышы

194 Максималды қуаты  
6 100 айн/мин кезінде 194 а.к.    246 Максималды айналу сәті,  
4500 айн/мин кезінде 246 Н\*м



# Технические характеристики

Қозғалтқыш	Theta III 2.5 GDI
Түрі	DOHC
Берілісті ауыстырып қосу қорабы	8АТ
Жетек түрі	Алдыңғы
Көлемі, см <sup>3</sup>	2 497
Максималды қуаты, айн/мин кезінде а. к.	194 / 6 100
Максималды айналу сәті, айн/мин кезінде кгс·м	246 / 4 000
Үдеу уақыты (0-100 км/сағ, сек)	8.8
Қалада/қала сыртындағы отын шығыны (л/100 км)	10.1 / 5.5
Макс. жылдамдығы, км/сағ	210
Минималды жол саңылауы, мм	155
Жарақталған массасы, кг, мин-макс	1 480 - 1 615
Отын бағы, л	60
<b>Тежеу механизмдері</b>	
Алдынан	Желдетілетін дискілі
Артынан	Дискілік
<b>Аспа</b>	
Алдынан	Тәуелсіз, серіппелері мен көлденең тұрақтылық тұрақтандырғышы бар McPherson тіреуіштері
Артынан	Тәуелсіз көп интіректі
<b>Шиналар</b>	
18" (235/45R18), 17" (215/55R17), 16" (215/60R16)	

- Жоғарыда көрсетілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы каталогта ұсынылған жабдықтың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізбесіне кірмеуі мүмкін.
- Hyundai Motor Company техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін дилеріңізден кеңес алыңыз.

## Габариттері



Өлшем бірліктері: мм,  
жолтабан ені 18 дюймдік шиналар кезінде,  
жақшада — 17 дюймдік шиналар кезінде



# Бір отбасы — көп артықшылықтар



## Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ  
КЕПІЛДІГІ.

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.



## Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



## Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24\7 қолжетімді.

Дилердің мөрі

**Hyundai Auto Kazakhstan**

Қазақстандағы брендтің ресми дистрибьюторы

<http://hyundai.com>

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center

Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007



Прайс-парақ